«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.I. – С.111-113

АНТИГЕЛЬМИНТТІК ПРЕПАРАТТАРЫНЫҢ ҚОЙ ДИКРОЦЕЛИОЗЫ КЕЗІНДЕГІ ЭФФЕКТИВТІЛІГІ

Несіпбек М., 5курс студенті С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан

Дикроцелиоз – космополиттік паразиттік зооноз, қазіргі таңда мал шаруашылығының рентабельділігіне айтарлықтай әсер етеді. Фермерлік шаруашылық жағдайында аурудың алдын алу және дикроцелиоз қоздырғышының инвазиялануын бақылау бойынша іс- шараларды ұйымдастыру кезінде өнім шығынын азайту үшін жануарларды дегельминтизациялау ең қолайлы технология болып саналады [1, 2]. Сонымен қатар, дегельминтиза- ция сапасы, негізінен, қолданылатын препараттың жою белсенділігіне байланысты. Күйіс қайыратын жануарлардың дикроцелиозымен күресу үшін антигельминттік белсенділігі салыстырмалы түрде жоғары бірқатар препараттар ұсынылды [3, 4, 5]. Дегенмен, қоздырғыштардың әртүрлі фармакологиялық топтағы препараттарға резистентілігін қалыптасуына байланысты тиімді антипаразиттік терапияны жасау қазіргі гельминтологияның өзекті мәселесі болып табылады [6]. Эксперименттік жағдайларда дикроцелиоздың тиімді терапиясы препаратты таңдауға және дұрыс мөлшерлеуге байла- нысты екені белгілі.

Бұл өндірістік тәжірибенің мақсаты – ұсақ мал дикроцелиозы кезінде ангельминтиктердің бензимидазол және пиразинизохинолин топтарының тиімділігін зерттеу болып табылады.

Материал мен әдістер. Зерттеу жеке шаруашылықта (Жамбыл облысы, Байзақ ауда- ны, Сарыкемер ауылы) 2021 жылдың мамыр айында еділбай тұқымды 24 бас дикроце- лиялармен өздігінен залалданған қойларға жүргізілді. Олар 4 топқа, әрқайсысы 6 бастан бөлінді.

Бірінші топтағы жануарларға «Альвет суспензиясы» («ВетФарм» ЖШС) дозасы 0,75 мл/10 кг тірі салмаққа, екінші топтағы жануарларға «Празиквантел» (КазНИВИ ЖШС) дозасы 1табл/5 кг ішке берілді. Үшінші топтағы жануарларға ішке Альвет суспензиясы (0,5 мл/кг дозада) + Празиквантел (1 таб/10 кг дозада) берілді. Препараттар қойдың дене салмағын (ДС) ескере отырып, алдын ала аштық диетасыз қолданылды. 4-ші бақылау топтың қойлары емделген жоқ.

Тәжірибе барысында жануарлар бірдей жағдайда ұсталды.

Тәжірибе барысында қойлардың жалпы клиникалық жағдайы қабылданған әдістер бойынша күнделікті бақыланды.

Дәрілеудің дикроцелилерге қарсы антигельминттік әсерін препараттарды бергенге дейін және 10 күннен кейін Демидов, McMaster әдістерімен нәжістегі жұмыртқа бөліну деңгейі арқылы бағаланды. Экстенс- және интенсэффективтілігі (ЭЭ және ИЭ) World Association for the Advancement of Veterinary Parasitology мақұлдаған нұсқауға (1994) сәйкес («бақылау тесті») анықталды [7].

Зерттеу нәтижелері. Препараттарды өндірістік сынау кезінде барлық топ қойларының клиникалық және физиологиялық жағдайы нормаға сәйкес болды. Зерттелетін препараттардың элиминативтік белсенділігі кестеде көрсетілген.

Кестеде келтірілген тәжірибенің нәтижелері бойынша, дегельминтизациядан 10 күннен кейін альветпен өңделген бірінші топта дикроцелий инвазиясының қарқындылығы 3,4 есе төмендеді, ал ЭЭ 0% және ИЭ 80,3% құрады.

Празиквантел дене салмағына 5 кг 1 таблетка мөлшерінде дикроцелилер жұмыртқасының бөліну деңгейін 10 еседен астам төмендетті, ал ЭЭ 90,1% және ИЭ 83,3% болды.

Кесте 1 - Препараттардың және олардың комбинациясының қой дикроцелиозына қарсы эффективтілігі

№ группы (n=6)	Препарат	Препарат мөлшері	Жұмыртқа саны/ г нәжіс (M ± m)		ИЭ, %	ЭЭ, %
			емдеуге дейін	емдеуден кейін		
1	Альвет суспензия	0,75 мл/10 кг	74.0±14.2	22.2±17.2	80.3	0
2	Празиквантел	1 табл/5 кг	82.7±10.4	8	90.1	83.3
3	Альвет суспензия + Празиквантел	0,5 мл/ кг +	76,4±9.6	5	93,5	83,3
4		1 табл/10 кг	65,3±6,9	78,6±2,3	-	-
		(бақылау)				

Ескертпе: ЭЭ - экстенсэффективтілік, ИЭ – интенсэффективтілік

Көрсетілген препараттармен біріктіріп ем қолданылған жануарлардың үшінші тобында дикроцелий жұмыртқаларының бөліну дәрежесі тәжірибенің соңына қарай 15 еседен астам төмендеді. Бұл топта ЭЭ 93,5%-ға, ал ИЭ 83,3%-ға жетті.

Қорытынды. Өндірушілер ұсынған дозаларда альвет және празиквантел қой дикроце- лиозына қарсы, сәйкесінше, орташа және жоғары эффективтілікті көрсетті. Препараттар- ды төмендетілген дозалармен

біріктіріп қолдану трематодозға қарсы жоғары тиімділікті қамтамасыз етеді, бұл антигельминтиктердің синергетикалық әсерімен түсіндіріледі.

Қолданылған әдебиеттер

1.Горохов, В.В. Эпизоотическая ситуация по основным гельминтозам сельскохозяй- ственных животных /В.В. Горохов, А.В. Успенский, В.Н. Скира, Н.С. Малышева, Н.А. Самофалова, Е.В. Горохова, Р.А. Пешков, Н.А. Вагин //Ученые записки. Электронный научный журнал Курского государственного университета. - 2013. -№ 2 (26). -С. 34-37.

2.Лоптева, М.С. Экономический ущерб при дикроцелиозе /М.С. Лоптева, В.И. Колес- ников //Ветеринарная служба Ставрополья. -2010. -№1. -С. 36-39.

3.Енгашев, С.В. Применение гельмицида при дикроцелиозе овец /С.В.Енгашев, Э.Х.Даугалиева, В.И.Колесников, В.И.Четвертнов, М.С.Салущева //Ветеринария. - 2010.

-№ 1. -С. 12-13.

4.Салущева М.С. Изучение эффективности новых антгельминтиков при дикроцели- озе овец /М.С. Салущева, В.И. Колесников //Сборник научных трудов Всероссийского научно-исследовательского института овцеводства и козоводства. -2007. -Т. 3. -№3-3. -С. 82-85. \

5.Колесников, В.И. Эффективность АЛЬБЕН ФОРТЕ при основных гельминтозах овец /В.И. Колесников, С.В. Енгашев, Э.Х. Даугалиева, В.И. Четвертнов, М.С. Лоптева // Ветеринария. -2010. -№3. -С. 14-15.

6.European strategic action plans on antibiotic resistance. Regional Committee for Europe. Baku, Azerbaijan, 12-15 September 2011. EUR/RC61/14. Sixty-first session.+EUR/RC61/ Conf.Doc./7.

7.Jacobs, D.E. World Association for the Advancement of Veterinary Parasitology (W.A.A.V.P.) guidelines for evaluating the efficacy of anthelmintics for dogs and cats /D.E. Jacobs, A. Arakawa, C.H. Courtney, M.A. Gemmell, J.W. McCall, G.H. Myers, O. Vanparijs // Vet. Parasitol. - 1994. - №52. - P.179-202